

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

**DEXP қабырғалық экраны
WE-80, WE-96, WE-120,
WME-100**



Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Бұйымның мақсаты

Осы бұйым арнайы жабдық жаңғыртатын суретті көрсетуге арналған.

Сақтық шаралары


1. Аспапты пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және келесіде қолдану үшін сақтаңыз.
2. Тасымалдау және сақтау кезінде бұйымды лақтырмаңыз.
3. Ашық қыздыру аспаптарының жанында орнатпаңыз (сақтамаңыз).
4. Төсемнің механикалық зақымдануларын болдырмаңыз.
5. Экранды жайылған күйінде сақтауға ұсынылмайды.
6. Экранды орнатқан және жинаған кезде әрекеттердің реттілігін нұсқаулыққа сәйкес орындаңыз.
7. Мүмкіндігінше, экранды шаңды, түтінге толы үй-жайларда пайдаланбаңыз.
8. Экран төсемін тікелей күн сәулелерінің ұзақ мерзімді әсеріне ұшыратпаңыз және оны жылу көздерінің жанында орнатпаңыз.
9. Экрандарды жуу үшін абразивті жуғыш ұнтақтарды, қышқылдар мен сілтілердің химиялық белсенді ерітінділерін, еріткіштерді пайдаланбаңыз.
10. Экранды 0° С төмен температурада сақтауға ұсынылмайды.
11. Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
12. Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
13. Қауіптілікті болдырмау үшін қуат беру баусымы зақымданған кезде, оны ауыстыруды өндіруші, сервистік қызмет немесе оған ұқсас білікті қызметкер жүргізуі тиіс.

Жиһнақталым

- Экран.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Техникалық сипаттамалары


- Үлгісі: WE-80, WE-96, WE-120, WME-100.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Желі параметрлері: 220–240 В, 50–60 Гц.
- Номиналды қуаты: 26 Вт.
- ҚБ жұмысының радио-жиілігі: 433,92 МГц.
- ҚБ таратқышының қуаты: 4 мВт.
- ҚБ пультімен басқарылатын электр жетегі.



Үлгісі	W	H	A	B	C	D	E
WE-80	213	213	223	219	233	9,7	8,0
WE-96	244	244	254	252	266	9,7	8,0
WE-120	244	183	193	252	266	9,7	8,0


*Өлшем бірлігі — сантиметрлер (см).

Орнату жөніндегі нұсқаулық




Қабырғаға орнату

Экранды бұрамалар мен қабырғалық анкерлер көмегімен орнатыңыз.




Жабын астына орнату

Экран қақпағы мен корпусы арасындағы қашықтықтың жеткілікті болуына көз жеткізіңіз.



Төбеге орнату

Экранды төбелік ілгектердің көмегімен орнатыңыз.



Қабырғалық тіреуішке орнату

Қабырғалық тіреуіш экран салмағын көтере алатынына көз жеткізіңіз.

1. Экранды түсіру үшін пульттегі «↓» батырманы басыңыз.
2. Экранды көтеру үшін «↓» батырманы басыңыз.
3. Экранды тоқтату үшін «■» батырмасын басыңыз. Сіз экранды кез келген күйінде тоқтата аласыз.


Назар аударыңыз:

Экранды үнемі жоғары және төмен жылжытуға болмайды. Бұл қозғалтқыштың қызып кетуіне әкеледі. Операцияны орындар алдында қозғалтқыш суығанша күтіңіз.

Экранды қорпусына орап жинау алдында экран үстінде жәндіктердің, шаңның немесе басқа бөліктердің жоқтығына көз жеткізіңіз.

Қашықтан басқару пультіні ауыстыру / қосу:

Қосымша қашықтан басқару пультітерін қосу үшін әуелі «■» батырманы басыңыз және 5 секунд ұстап тұрыңыз, ал кейін жаңа қашықтан басқару пультіндегі «▲» батырманы басыңыз. Жаңа пульт енді экранның барлық функцияларын басқара алуы керек.



Қашықтан басқару пультіні сөндіру

Егер қашықтықтан басқару пульті сөндіргіңіз келсе, «■» батырмасын басыңыз және 15 секунд ұстап тұрыңыз. Кейін қашықтықтан басқару пульті өшіріледі. Пультіні қайтадан іске қосу үшін жоғарыдағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны орнату ережелері мен шарттары пайдалану нұсқаулығының «Орнату жөніндегі нұсқаулық» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғыны сақтау қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80% аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесінде, қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті залал келтіруді болдырмауға көмектесесіз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының ақаулылығын анықтаған кезде дереу авторизацияланған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цыси Пужуй Метал Продактс Ко., Лтд.
Өнеркәсіптік даму аймағы, Тяньян а., Луншань, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жинақталым алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастыруда ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайы сақталғанда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша келтірілген:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтығына кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пультіне) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, HANDS-FREE құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей мақсатына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген ықтимал материалдық, ақылақтық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымдану жағдайлары: кетік, жарылу, майысу, соғылу іздері, жаншылу, басылып қалу және бұйымды пайдалану барысында алынған басқа түрлері.
- Бөгде түрлендірудің, осындай жұмыстарды жүргізуге өкілеттігі болмаған тұлғалардың рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе схемасының өзгеруінен, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған болса.
- Бұйымның (сериялық нөмір) сәйкестендіруі жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына, оларды арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаған болса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, соның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланудан туындаған болса.
- Егер зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалы емес) және/немесе сапалы емес (зақымданған) шығын материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзінің элементтерін, (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса) алуан түріндегі ақпарат тасығыштарын пайдаланғаннан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алу, орнату және пайдаланудан туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал.



